

Қалмырза Ғ.М.
**Қазақстанда франчайзингтің
дамуы және оның заңмен
реттелуі**

Мақала қазіргі таңда әрекет етіп отырған ҚР-дың Азаматтық Кодексінің және ҚР-дың «Кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы» заңының негізінде жазылған. Мақалада кәсіпкер ретінде франчайзер мен франчайзидің құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі, франчайзингтің дамуына кедергі келтіретін жағдайлар және оларды құқықтық реттеу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: франчайзинг, кәсіпкер, бәсекелес, тауар таңбасы, фирмалық атау.

Kalmyrza G.M.
**Development and legal
regulation of franchising in
Kazakhstan**

The article is written based on the current “Civil Code of the Republic of Kazakhstan” and the law “On the complex entrepreneurial license of Kazakhstan.” The article deals with the concept of franchising, entrepreneur; rights and obligations, responsibilities of the parties, factors that hinder the development of the franchise, as well as address the issues of legal regulation of franchising.

Key words: franchising, entrepreneur, competitor, trade mark, trade name.

Қалмырза Ғ.М.
**Развитие и правовое
регулирование франчайзинга
в Казахстане**

Статья написана на основе действующего «Гражданского Кодекса Республики Казахстан» и Закона «О комплексной предпринимательской лицензии Республики Казахстан». автором раскрывается понятие франчайзинга, предпринимателя; права и обязанности франчайзера и франчайзи, ответственность сторон, факторы, которые мешают развитию франчайзинга, а также затрагиваются вопросы правового регулирования франчайзинга.

Ключевые слова: франчайзинг, предприниматель, лицензия, конкурент, товарный знак, фирменное наименование.

**ҚАЗАҚСТАНДА
ФРАНЧАЙЗИНГТІҢ
ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЗАҢМЕН РЕТТЕЛУІ**

Франчайзинг француздың «franchise» сөзінен шыққан, жеңілдіктер, артықшылықтар деген мағынаны білдіреді. 1990 жылдардың басында еліміз енді ғана нарықтық экономикаға өте бастаған кезде, бизнесті дамытудың тиімді жолы ретінде біздің нарыққа франчайзинг деген жаңа термин енеді. Қазақстанға франчайзингтің келуі үлкен құбылыс болды. Өйткені бұған дейін ол туралы естімегенбіз, көрмегенбіз, франчайзинг біз үшін таныс емес термин болды. Бірақ бүгінгі таңда франчайзингтің экономикамызды дамытуға орасан үлес қосатындығы туралы жақсы білеміз.

Жалпы, франчайзингтік жүйенің негізін қалаған «Singer Sewing machine company» деген компанияны құрған Исаак Зингер деген азамат. Франчайзингтік қызметтің түпнұсқасы осы фирмалық атауда тігін машинасын сату, қызмет көрсету жүйесі болып табылады. Қазақстанда франчайзингтің дамуын бірнеше кезеңдерге бөлсек болады. Бірінші кезең 1994-1999 жылдар аралығын қамтиды. 1995 жылы Қазақстанда америкалық «Cococola» компаниясының өнімдері біздің нарыққа келді, 1997 жылы «Kodak» компаниясының желісі ашылады. Әлі күнге дейін «Kodak» компаниясы өзінің сапалы тұрмыстық қызмет көрсетуімен нарықта өзінің бәсекелестерінен ерекшеленіп келеді. «Kodak» компаниясын 1880 жылы АҚШ-тың Рочестер деген қаласында Джордж Истман деген азамат құрған. Компания фото-пленкалар, кино-пленкалар, рентгенографиялық пленкалар, батареялар өндірумен, сатумен байланысты бизнеспен айналысады. 1999 жылы Ресейлік Дока компаниясының желісі ашылады, өкінішке орай нарықта Дока компаниясының өндірген өнімдеріне сұраныстың төмен болуына байланысты компания жабылып қалады. Бірақ осы кезде франчайзингтік қатынастарды реттейтін елімізде ешқандай нормативтік құқықтық акті болған жоқ. Қазіргі таңдағыдай франчайзинг 1994 жылдары қарқынды дамыған жоқ, сондықтан франчайзингті реттеуде елдер арасындағы халықаралық франчайзингтік шарттар және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 45-ші тарауы жеткілікті болды. Франчайзинг заңмен қатаң реттеуді қажет ететін процесс. Өйткені, мұнда интеллектуалдық меншік құқығының объектілері басқа кәсіпкерлердің пайдаланылуына беріледі. Жетекші компанияның авторлық

құқығы бұзылмас үшін франчайзинг шартының негізінде танымал фирмалық атауды, тауарлық таңбаны лицензияның негізінде пайдалануға рұқсат береді.

Қазақстанда франчайзингтің дамуының екінші кезеңі 2000-2004 жылға созылады. Осы кезеңде Қазақстанда мықты шетелдік бәсекелестер пайда болды. Елімізде франчайзингті реттейтін 2002 жылы 24 маусымда «Кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы» заң қабылданды. Сондай-ақ Франчайзингтік Қауымдастық құрылды. Франчайзингтің дамуының келесі кезеңі-2004 жылдан қазіргі кезеңге дейінгі уақытты қамтиды. Әлемде жетпістен астам бизнес осы франчайзинг арқылы дамыса, Қазақстанда әлі де болса, тек мейрамханалық бизнесте, жылдам тамақтандыру, сауда және қызмет көрсетудің басқа да салаларында дамып келеді. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы «Жаңа онжылдық, жаңа экономикалық өрлеу және Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауына сәйкес елбасымыз Қазақстанды бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылуы үшін экономикалық жағынан жан-жақты жаңартуымыз керек дейді. Сол үшін франчайзингті тек жылдам тамақтандыру, сауда саласында ғана емес, туризм, бухгалтерия, іс жүргізу өндірісінде, білім беру, автокөлік, автосервистік қызмет көрсету, денсаулық сақтау, құрылыс, үйге жөндеу жұмыстарын жүргізу салаларында дамытуымыз керек.

Бірақ елімізде франчайзингтің дамуына кедергі келтіретін көптеген жағдайлар бар. Атап айтсақ; яғни қазақстандық кәсіпкерлердің қаржылық жағдайының төмен болуы, елімізде интеллектуалдық меншік құқығының объектілерінің жеткілікті дәрежеде қорғалмауы, франчайзинг туралы ақпараттардың аздығы, қозғалмайтын мүліктердің елімізде қымбаттығы себеп болуы мүмкін.

Жалпы, франчайзинг бойынша франчайзер өзінің әлемге танымал болған фирмалық атауында, тауарлық таңбасында өнім өндіру, қызмет көрсету белгісін пайдалану құқығын франчайзиге береді, сол үшін франчайзи алғашқы жарна төлейді және белгілі бір уақыт аралығында төлейтін роялти төлейді. Франчайзинг бизнесін жаңадан бастаған кәсіпкер үшін жаңа бизнеске, бүгінгі күні кәсіпорын жинаған үлкен тәжірибені беруге мүмкіндік береді.

Қазақстандық кәсіпкерлерге өзі өндіріп жатқан өнімнің немесе көрсетіп отырған қызметтің фирмалық атауын, тауарлық таңбасын әлемге танымал брендке айналдыру үшін өте

көп қаржы керек екені белгілі. Сондықтан кәсіпкерлерге бірнеше жылдар бойы өндірісте бар, әбден тәжірибеден өткен, сұранысқа ие фирмалық атауды және тауарлық таңбаны пайдалану тиімді. Кәсіпкерліктің басқа түрлері сияқты франчайзинг те тәуекелмен жүзеге асырылады.

ҚР-дың Конституциясының 24-бабына сәйкес әркімнің белгілі бір кәсіптің түрімен айналысуына құқығы бар. Яғни әрбір азаматтың пайда табу мақсатында заң тыйым салмайтын қызметпен айналысу құқығы бар. Кәсіпкерлік заңның шеңберінде тек пайда табуға бағытталған сауда-саттық қана емес, ол жұмысты орындау, қызметті көрсету. Кәсіпкер пайда табу үшін белгілі бір сомада қаржылық ресурстарды қалтасынан шығарады. Осы қаражаттарды екі есе немесе бірнеше есе қайтарып аламын деп кәсіпкерліктің белгілі бір түрімен айналысады. Бірақ жоспарлаған нәтиже болуы да, болмай қалуы да мүмкін. Сондықтан кәсіпкерліктің бір түрі ретінде франчайзинг те тәуекелмен жүзеге асырылады. Бірақ тәуекелдің дәрежесі төмен. Өйткені бірнеше жылдан бері өндірісте бар, сұранысқа ие танымал брендтің атауын пайдаланады. Тағы бір ерекшелігі кішігірім капиталмен бизнесті қарқынды дамытуға болады.

Франчайзингтік қызметке заңсыз араласқан, франчайзингтік қатынас субъектілерінің бостандығы мен құқығын бұзған, франчайзингтік қатынасты қолдау мен дамытуға көзделген қаражаттарды мақсатсыз шығындаған немесе өзге де түрде кешенді кәсіпкерлік лицензия туралы Заңдарды бұзған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңымен көрсетілген әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Кешенді кәсіпкерлік лицензия заңның 36-бабына франчайзингтік қатынас субъектілері арасындағы даулар Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес сот тәртібімен немесе тараптардың келісімі бойынша аралық сотта шешіледі.

Жалпы, франчайзинг шарты бойынша франчайзер франчайзидің өндіріс аумағына кез келген уақытта кіріп келуіне, өзінің фирмалық атауында, тауарлық таңбасында шығарып жатқан өнімінің немесе көрсетіп жатқан қызметінің сапасын тексеруге құқылы. Егер де франчайзи франчайзерді өндіріс аумағына кіруіне тыйым салса, өнімнің, қызметтің, жұмыстың сапасын тексеруге кедергі келтірсе, онда франчайзер шартты бір жақты тәртіппен бұзуына құқығы бар.

Алғашқы рет «франчайзинг келісімі» деген ұғым 1999 жылы Азаматтық кодекс қабылданған

кезде енді. Қазіргі таңда франчайзинг саласында Қазақстан Орталық Азияда көш бастап келеді. Оған еліміздегі жыл санап көбейіп келе жатқан франчайзинг жүйелері дәлел. Қазақстанда соңғы жылдары франчайзингтік нысанда бірқатар компаниялар нарықта белсенділік танытуда. Статистика агенттігінің мәліметтеріне жүгінсек, бүгінде Қазақстандағы шетелдік франчиза жүйелерін бизнесінің бағытына қарай бірнеше салаға жіктеуге болады. Олар: бөлшек сауда жүйелері – 60%, қызмет көрсету салалары – 30%, қоғамдық тамақтану – 3%, өндірістік сала – 7% және халық тұтыну тауарларының арасында шетелдік танымал сауда белгілерінің киім және аяқ киімін сату да қарқынды жүруде. Франчайзинг орта және шағын бизнестің дамуына, отандық тауарлар мен тауар өндірушілерді ішкі және халықаралық нарықта жылжытуға, жұмыс

орындарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Еліміз Дүние жүзілік сауда ұйымына кіргеннен кейін қазақстандық компаниялардың ноу-хауға, қазіргі заманғы технологияларға қызығушылықтары өседі және соған сәйкес франшиздерге және лицензияларға сұраныс өседі. Өз кезегінде халықаралық бренд иегерлері үшін интеллектуалдық меншіктің қорғалуы маңызды мәселе болып табылады. Елімізде мемлекет тарапынан салықтық жеңілдіктер қарастырылса, франчайзингтік жобаларды қаржыландыратын бағдарламалар болса, интеллектуалдық меншік құқығының объектілері құқықтық тұрғыдан қатаң қорғалса, сондай-ақ франчайзинг туралы үгіт-насихат ақпараттар көбірек таратылса, франчайзингтің белсенді түрде дамуына куә болар едік.

Әдебиеттер

- 1 ҚР-дың Конституциясы 30.08.1995 ж. (2016 ж. өзг. мен толықт.)
- 2 Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы №330 Заңы;
- 3 ҚР-дың Азаматтық Кодексі 1 шілде 1999 ж. (соңғы өзг. 15.01.2014 ж.)
- 4 2050-Қазақстан жолы. «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР-дың Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 18.01.2014 ж.
- 5 Шмит Гофф К.М. Экспорт: право и практика международной торговли, 2009 г.

References

- 1 ҚР-ның Конституциясы 30.08.1995 ж. (2016 ж. өзг. мен толықт.)
- 2 Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы №330 Заңы;
- 3 ҚР-дың Азаматтық Кодексі 1 шілде 1999 ж. (соңғы өзг. 15.01.2014 ж.)
- 4 2050-Қазақстан жолы. «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР-дың Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 18.01.2014 ж.
- 5 Shmit Goff K.M. Export: право и практика международной торговли, 2009 г.